

БОЛЬШЕ,
ЧЕМ ПРОСТО
ВЫСТАВКА

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

36 INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION
МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
AUTUMN-2025

28-30 JULY / ИЮЛЬ / ШІЛДЕ

el ELITELINE
INTERNATIONAL EXHIBITION • SHOES • FUR • LEATHER • ACCESSORIES

supported by
euro shoes
premiere collection

2025

6 Международная Выставка обуви, меха, кожи и аксессуаров
6 International Exhibition of Footwear, Fur, Leather and Accessories

сатехпро

FASHION САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ОЙЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ГЕЙМИФИКАЦИЯ

Жасанды интеллект бүгінде жай ғана тренд емес – кез келген саланың дамуы мен тиімді жұмыс істеуінің негізгі тетігіне айналды. Әсіресе fashion сияқты икемді әрі үнемі өзгеріп отыратын сала үшін ол — уақыт талабы. Central Asia Fashion Autumn-2025 халықаралық сән көрмесінің 36-шы маусымында өткен бизнес-конференцияда сарапшылар жасанды интеллект, цифрлық құралдар мен геймификацияның индустрияда ойын ережелерін қалай түбегейлі өзгертіп, жаңа мүмкіндіктер ашып жатқанын талқылады.

Жасанды интеллектті көпшілікке жақындату тақырыбы CAF қонақтарының ерекше қызығушылығын тудырды.

iWENGO бизнес мектебі мен Lennuf интернет-дүкендерін іске қосу платформасының тең құрылтайшысы Илья Бурмистров тыңдаушыларға: «Өзіңізге сұрақ қойыңыз: маған ЖИ не үшін қажет?» — деген ой тастады.

«Бүгінде жасанды интеллекттің көмегімен түрлі салалардағы мәселелерді шешуге болады. Мысалы, менің әріптесім жақында Claude платформасының көмегімен толықтай ЖИ арқылы жасалған балалар киімінің топтамасын таныстырды», — деді ол.



iWENGO бизнес мектебінің және Lennuf интернет-дүкендерін іске қосу платформасының тең иесі Илья Бурмистров

Ильяның айтуынша, көпшілік нейрожелілер адамдардың жұмысын тартып алады, бәрін жансыз сандар мен алгоритмдерге айналдырады деп қорқады. Алайда ол бұл үрейдің орынсыз екенін баса айтты:

«Біздің көзіміз тіріде ондай болмайды. 10, 50, тіпті 100 жылдан кейін де адам шығармашылық процестен алыстамайды. Жасанды интеллект – қауіп емес, ол болашақтың құралы. Excel алғаш пайда болған кезде де дәл осындай үрей болған. Менің 2002 жылы осы бағдарламамен жұмыс істеуді үйрену үшін Бауман университетіне асыққаным әлі есімде. Ол кезде бұл нағыз сиқырдай көрінген. Ал қазір Excel – кез келген кәсіби адамның базалық дағдысы. ЖИ-мен де дәл солай болады», – деді ол.

«Жасанды интеллект туа біткен дарыны жоқ адамдардың мүмкіндігін алмастырмайды, бірақ оны едәуір арттыра алады. Әлемдегі табиғи талант иелерінің үлесі — түрлі зерттеулер бойынша — шамамен 2%. Ал көбіне шығарманың ұлылығын анықтайтын нәрсе – қоғамның мойындауы. Мысалы, Қытайда жасанды интеллект көмегімен жазылған фантастикалық новелла ұлттық сыйлықты жеңіп алды. Оның авторы – Шен Ян. Ол Кафка стиліндегі робот туралы әңгімені небәрі 3,5 сағат ішінде, Claude жүйесіне берілген 66 сұраныс арқылы, 43 000 таңбалық қолжазба негізінде құрастырған. Бүгінде мәселе: «Мұны адам жасады ма, әлде машина ма?» деген сұрақта емес. Ең маңыздысы – қоғам мұны шынайы өнер ретінде мойындай ма, жоқ па – сол», – деді Бурмистров.

«Мысалға, егер сіз fashion-бизнес саласындағы дизайнерге жүгінсеңіз, ол шабыттанып, эскиздер жасап, сәйкес келетін пішімдер мен үлгілерді таңдайды – бірақ бұл бірнеше апта уақыт алады. Ал Midjourney, DALL-E, Kandinsky немесе ChatGPT сынды нейрожелілер небәрі 20–30 секунд ішінде ондаған визуалды тұжырымдамалар жасап бере алады. Иә, олардың бәрі бірдей мінсіз емес – кейбірі қарабайыр, оғаш не күлкілі болуы мүмкін. Бірақ дәл осы жерде адам араласады: ең жақсысын таңдайды, идеяларды електен өткізеді, жаңа, ерекше, «вау-эсері» бар бейнені табады. Шынайы шығармашылық – машина мен адамның бірлескен еңбегінде жатыр», – деп қорытындылады ол.

Сарапшы жасанды интеллекттің генеративті модельдерінің 3 негізгі түрін бөліп көрсетті. Бұл – ЖИ-ге деген үлкен қызығушылықтың басталуына түрткі болған ChatGPT сияқты үлкен тілдік модельдер (LLM). Бұл модельдер диалог жүргізуге, мәтін жазуға, сценарийлер мен тұжырымдамаларды қалыптастыруға қабілетті. Одан әрі диффузиялық модельдер – суреттерді тудырушылар жүреді. Фотореалистік иллюстрациялар мен цифрлық скетчтерді жасайтын танымал визуалды контент қызметтері дәл соларға негізделген. Аралас модельдер де сұранысқа ие – бұл мәтінді, суретті және бейнежазбаны бір уақытта жасай алатын әмбебап құралдар. Олар технологиялық дамудың шарықтау шегінде тұр.



«Бұған дейін бұл салада американдық компаниялар, ең алдымен OpenAI көшбасшы болған. Бүгінгі таңда қытайлық әзірлеушілер оларға екпіндей қосылып, белсенді дамып келеді. ЖИ жарнамалық

науқандарда белсенді қолданылады. Жақында испандық PITAS бренді Cannes Lions фестиваліне ұсынылған нейрожелілердің көмегімен толыққанды жарнамалық науқан жасады. ЖИ жасаған суреттердің шынайы болғаны соншалық, нәтижесінде киім үлгілерінің көпшілігі өндіріске алынды. Ресейлік брендтер де жасанды интеллектті жұмыс процестеріне белсенді түрде енгізіп жатыр. Соның бір мысалы – кейін нақты өндіріс кезеңіне өткен цифрлық киім топтамасының жасалуы. Бұл жобада киімнің әртүрлі маталарда қалай көрінетінін дәл көрсетуге, матаның «мінезін» және дене пішініне қонымдылығын ескеруге мүмкіндік беретін CLO 3D қосымшасы пайдаланылған.

«Алайда барлық құралдарды бірден меңгеруге ұмтылудың қажеті жоқ. Цифрлық шешімдер күн сайын көбейіп келеді. Уақыт өте келе әрбір кәсіби маман өзінің 4–5 сенімді, сүйікті құралын табады», – дейді Илья Бурмистров.

Нейрожелілер мәтіннің үлкен ауқымдарын оңай өңдейді. Мысалы, Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын олар қиналмай оқып, мазмұнын айтып береді, сонымен қатар ақпаратты дұрыс жолмен бейімдейді. Роман негізінде Наташа Ростованың балының нәтижелері туралы қысқаша «есеп» жасай алады, «жауапты» және тіпті «негізгі міндеттерді» айқындай алады.

«Оқушылар қазірдің өзінде ЖИ-ді белсенді қолдануда. Бұл ақпаратпен өзара әрекеттесудің жаңа форматы. Бүгінгі таңда әлем деректерге молыққан және сыни тұрғыдан ойлау, тез құрылымдау және ақпаратты дағдыға айналдыру қабілеті сауатты пайдаланушыны қарапайым көшірушіден ерекшелендіреді. Әңгіме ойлаудан бас тарту туралы емес, технологияны интеллекттің жалғасы ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы. Антуан де сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзадасы» бойынша мектеп эссесін алайық. «Кітаптың неге үйрететіні туралы эссе жаз» тақырыбындағы әдеттегі сұраныс «Википедия» фрагменттерінен және әдеби анықтамалықтардан жиналған стандартты беттік мәтінді береді. Жай ғана қоқыс. Бірақ тапсырманы «Балаға кішкентай ханзаданың Раушанмен қарым-қатынасының негізгі мағыналарын, берер ғибратын, ерекшеліктерін анықтауға көмектес» деп қайта тұжырымдасаңыз болғаны, нәтиже мүлдем басқаша болады. ЖИ тек мәтін құрып қана қоймайды, ол дәлелді түсініктеме де береді, достық, махаббат, жауапкершілік тақырыптарын талдайды. Раушанмен қарым-қатынас арқылы жауапсыз сезім тақырыбы қалай ашылатынын және Түлкі қатысатын сахна арқылы әйгілі «Біз өзіміз қолға үйреткендер үшін жауаптымыз» деген сөздің мағынасын көрсетеді. Мұндай тәсіл тапсырманы орындап қана қоймай, шығарманы шынымен зерделеуге мүмкіндік береді. Қорытынды айқын: нейрожелілер бала үшін жұмыс істемейді, онымен бірге жұмыс істейді. Ең бастысы – міндетті дұрыс қоя білу. Сонда ЖИ қауіп емес, сыни ойлау, шығармашылық көзқарас пен тәуелсіздікті дамытудағы одақтасқа айналады», - деген сенімде Илья Бурмистров.

КАК СОСТАВЛЯТЬ ПРОМТЫ. ОБЩИЕ ПРИНЦИПЫ

Роль	1. Задайте роль
Контекст + Детали	2. Не забывайте про необходимость ввести в контекст. Дайте больше данных
Тон общения	3. Дайте примеры
Инструкция	4. Определите в каком стиле вы хотите общаться
Форма результата	5. Спрашивайте у ChatGPT достаточно ли информации и всё ли понятно
Ограничения	6. Попросите задать уточняющие вопросы
	7. Задайте длину ответа или количество пунктов (можно попросить вывести ответ в форме таблицы)
	8. Задавайте бюджет, любые логические и формальные ограничения

CAF сарапшысы жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін кез келген нейрожеліге дұрыс промпт қою қажеттілігін атап өтті: *«Неліктен промпт әрдайым дұрыс жауапқа әкеле бермейді? Өйткені ЖИ интернеттегі ақпараттың қаншалықты сенімді және шынайы екенін тексермейді. Ол шығармашылығын көрсетуі мүмкін, сол кезде жауаптарда кейде жалған идеялар мен сенімсіз оқиғалар пайда болуы ғажап емес. Сіз үшін әсіресе деректер мен статистиканың дәлдігі маңызды болса, міндетті түрде тексеріңіз, ЖИ-ді жауаптарды таратудың жол беруге болатын шеңберінде ұстап тұру үшін сұранысты тарылтуды және нақтылауды үйреніңіз».*

Киім дизайнері, ЖИ-ді сән мен визуалды коммуникацияға біріктіретін Qanaker брендінің негізін қалаушы Алмас Керімбек fashion саласындағы практикалық тәжірибесімен бөлісті: *«Ең алдымен, нейрожелілер дайындық кезеңінде: мудборд тақталарын құру, визуалды сілтемелер жинау, болашақ көрсетілім тұжырымдамасын жасау және тіпті топтаманың атауын іздеу кезінде пайдалы болып шықты. ЖИ әсіресе жұмыстың техникалық бөлігінде пайда әкеледі. Дұрыс тұжырымдалған сұраныстың көмегімен нейрожелілер он екі түймелі және тік жағалы көйлек немесе күрделі көпқатпарлы конструкция болсын, анық техникалық эскиздер жасай алады. Бұл жағдайда сәттілік алгоритмнің алдына қойылған міндеттердің дәлдігіне байланысты. Ең құнды құралдардың бірі – CLO 3D қосымшасы. Ол бізді қағаз үлгілерімен жұмыс істеуден құтқара отырып, киімнің толыққанды сызбаүлгілері мен 3D модельдерін жасауға мүмкіндік береді. Бұл уақытты, ресурстарды және ақшаны үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар өндіріске тұрақты көзқарасты қолдайды. Сонымен қатар, қосымша ЖИ-мен байланыса отырып, кейін шынайы өндіріс құруға негіз болатын тұтас топтамаларды тудыра алады. Алайда, ЖИ мүлдем жаңа нәрсені ойлап таба алмайды. Ол тек желіде бар нәрсені ғана тудырады».*



Киім дизайнері, Qanaker брендінің негізін қалаушы Алмас Керімбек

Бизнес-сессияның модераторы — Қазақстанның алғашқы кибермоделі, сондай-ақ «Қазақтуризм» ұсынған креативті индустриялардың амбассадоры Айман Молдабекова fashion саласындағы қандай процесті автоматтандыру мүмкін емес және оны автоматтандыруға тырысу да орынсыз екенін сұрады.

Сұраққа жауап жан-жақты әрі терең болды:

«Бұл, сөзсіз, эмоциялық құрамдас бөлік — идеяның туындайтын, бренд не коллекция тұжырымдамасының іргетасы қаланатын кезең. Дәл сол жерде адамның шығармашылығы, шабыт пен ішкі көзқарасы көрінеді. Жасанды интеллект бұл эмоцияны сезіне алмайды.

Сонымен қатар, ол тікелей тігін үдерісін — матамен жұмыс істеу, әрлеу бөлшектері, нақты қол

еңбегін алмастыра алмайды. Мұндай жерде адамның қолы, тәжірибесі мен шеберлігі шешуші рөл атқарады. Бұларды жүз пайыз автоматтандыру мүмкін емес.

Жеңіл өнеркәсіп, әсіресе Қазақстанда, дамуға мұқтаж. Сол кезде ғана бұл сала нақты өсім көрсете алады. Иә, ЖИ кейбір кезеңдерді жылдамдатып, идея іздеуге немесе процестерді оңтайландыруға көмектесе алады. Бірақ ол шығармашылық пен қолөнерде адамды алмастыра алмайды — және алмастырмауы да керек», — деп түйіндеді спикер.

Fashion саласындағы цифрлық технологиялар тақырыбын TryStyle.live жобасын әзірлеген 18 жасар бағдарламашы, аса ірі қазақстандық Infactorial инкубаторының финалисті Джафар Мажитов жалғастырды. Бұл қолданба ақылды шопинг идеясын іске асыратындықтан, киім дүкендері мен маркетплейстер тарапынан сұранысқа ие. Қосымшаның көмегімен сатып алушы қолда бар ассортименттен өзіне сай бейнені таңдай алады, ал өз фотосуретін жүктеп, дене мүсінінің ерекшеліктерін ескере отырып, look жинай алады. TryStyle өзекті сән трендтерінің дерекқорына, сондай-ақ машиналық оқытуға негізделген: бот клиенттің талғамын «есте сақтайды» және әр жаңа сессия сайын тәжірибесін жаңартып отырады. Ал кәсіпкерлерге қосымша каталог құруға, виртуалды фитинг қосуға және тікелей телефоннан онлайн сатуды бастауға көмектеседі.

«Мысалы, егер пайдаланушы «Ашық түсті футболка мен қара шалбар кигім келеді» деп жазса, бот бірнеше секунд ішінде look таңдап береді: ақ футболка және smartcasual стиліндегі қара шалбар. Егер дененің параметрлерін көрсетсе (мысалы, бойы 171 см, арық дене бітімі), онда бот қонымдылық пен пропорцияларды ескере отырып бейне қалыптастырады. Цифрлық жаңалықтың басты артықшылығы – толық дербестендіру және жылдамдық. TryStyle тауарлары бар шексіз парақшаларды ақылды диалогқа ауыстырады: пайдаланушы жай ғана не қажет екенін жазады, ал сервис бейнелерді өзі ұсынады. Маркетплейстер мен брендтер үшін бұл – ыңғайлылық, өнімге нақты тұтынушының тапсырысына сәйкес сипат беру және жаңа деңгейдегі тұтынушы тәжірибесі есебінен ерекшелену тәсілі. Онлайн-шопингтің болашағы – сіз оны тұжырымдағанға дейін-ақ сізге не сәйкес келетінін білетін, ақылды, өздігінен үйренетін көмекшілер, толыққанды fashion-ассистенттерде», - дейді бағдарламашы.



Бағдарламашы, аса ірі қазақстандық Infactorial инкубаторының финалисті Джафар Мажитов

Сервис шешетін негізгі міндеттердің бірі – онлайн-сатушылардың нағыз бас ауруы – өлшемді таңдау. Көптеген тапсырыстар өнімнің қонымдылығы мен өлшемдерінің сәйкес келмеуіне байланысты сатып алынбайды. Сатып алушы өзінің әдеттегі өлшемін көрсетсе де, ол нақты модельге сәйкес келмеуі мүмкін (мысалы, бір брендте 52-ші өлшем – L, екіншісінде XL). Бұл нюанстар сатып алушыға әрдайым түсінікті бола бермейді, әсіресе қашықтан сатып алғанда. Нәтижесінде,

пайдаланушылар «таңдау үшін» бір өнімге бірнеше тапсырыс береді, бұл интернет-дүкендердің логистика, қайтару және өңдеу шығындарын арттырады. TryStyle бұл мәселені шешуге көмектеседі. Ақылды таңдау технологиясының арқасында бот шынымен сәйкес келетін өнімдерді ұсынады, осылайша қайтару санын азайтады.

Қазақстандық әзірлеуші, Thousand IT, SezApp және бүкіл Қазақстан бойынша 800 мыңнан астам пайдаланушыны біріктірген AqylBattle платформасының негізін қалаушы Айболат Құлатай сән индустриясында ойын механикаларын қолдану тақырыбын қозғады. Ол әзірлеген AqylBattle ойыны пайдаланушыларға ел тарихы туралы қызықты деректерді біле отырып, бос уақытын тиімді өткізуге көмектесетін қазақ тіліндегі интеллектуалды викторина болып табылады.

Сарапшы ойын механикалары сән индустриясында, әсіресе жас ұрпақтың – мектеп оқушыларының, студенттердің, Z және Альфа ұрпақтарының нарыққа шығуы тұрғысынан барған сайын көрнекті құралға айналуға деп санайды: *«Бұл – Roblox, AmongUs, Fortnite және TikTok цифрлық кеңістігінде өскен нағыз ойыншылар. Олар үшін ойын әлемді қабылдаудың табиғи тәсілі болып табылады және өзін-өзі көрсету аватарлар, цифрлық профильдер және челленджер арқылы жүзеге асырылады. Бұл аудитория үнемі интерактивті: мақтау, байқаулар, «Ойна – Ал» форматын қажет етеді. Сондықтан, сән брендтері ойын кеңістігін белсенді түрде игере түсуде. Мысалы, Gucci Roblox-та өзінің виртуалды сөмкесін шынайы аналогына қарағанда қымбатырақ сатты. Мұның бәрі түбегейлі жаңа тұтынушылық тәжірибені қалыптастырады. Бұған қоса, сәнге деген қызығушылық қалыптан тыс форматтарда да айқын көрінуде: мысалы, AqylBattle интеллектуалды ойынында пайдаланушылар дәл сән тақырыбына қатысты сұрақтарды жиі таңдайды».*



Thousand IT, SezApp және AqylBattle платформасын әзірлеуші Айболат Құлатай

Айболаттың пікірінше, толықтырылған шындық (AR) технологиялары да fashion индустриясында маңызды рөл атқара бастады.

Оған жарқын мысал — беларуссиялық Wannaby стартапы. Компания WannaKicks атты қосымшасын іске қосты: пайдаланушы қосымшаны ашып, камераны аяғына бағыттайды, қалаған кроссовка моделін таңдайды, ал таңдалған аяқ киімнің 3D үлгісі виртуалды түрде аяғына «киіледі». Егер бұл процесс жалаң аяқпен жасалса, модельдер анағұрлым нақты және жақсы көрінеді.

Киім мен аяқ киімнің тұтынушының өз үстінде қалай көрінетінін бірден бақылау — тек уақытты үнемдеп қана қоймай, сонымен қатар сатылым конверсиясын едәуір арттырады. Бұған қоса, мұндай технологиялар брендтерге жаңа идеяларды өндіріс алдында сынап көруге, олардың аудиторияға

қаншалықты қызықты болатынын анықтауға мүмкіндік береді. Тек содан кейін ғана өнімді нақты өндіріске енгізу туралы шешім қабылданады.

Осылайша, толықтырылған шындық тек ойын-сауық құралына емес, fashion индустриясы үшін тиімді әрі қуатты бизнес тетігіне айналып келеді.

Виртуалды дүкендердің сатылымы 2030 жылға қарай 50 миллиард долларға жетуі мүмкін. Gucci және Balenciaga сияқты әлемдік брендтер виртуалды дүкендер, топтамалар мен ынтымақтастықтар құра отырып, ойын платформаларын белсенді түрде игеруде. Мұның жарқын мысалы – DRESSX қосымшасы, онда пайдаланушылар өз бейнелерін жинай алады. Fashion-индустрияны өзгертуде жасанды интеллект елеулі рөл атқарады. Айболат Құлатай қазірдің өзінде ЖИ тұжырымдама мен көрнекіліктен бастап кітаптарға дейінгі толыққанды жобаларды тудыратын бизнестің пайда болып жатқанын еске салды: *«Бұл ақшаға айналдырудың жаңа арналарын ашады және шығармашылық көкжиектерді кеңейтеді. 2024 жылғы мәліметтер бойынша, сән саласындағы ЖИ нарығы 2 миллиард доллардан астамға бағаланған, ал 2037 жылға қарай 170 миллиард долларға дейін өсуі мүмкін. Бұл енді жай ғана тренд емес, бұл ойын ережелерін өзгертетін ауқымды және жылдам дамып келе жатқан бағыт. Бүгінгі күні ЖИ мен геймификацияның, соның ішінде кәсіби алаңдарда да белсенді түрде талқыланып жатқаны бұл өзгерістердің сөзсіз болатынын көрсетеді».*



CAF бизнес-конференциясының сарапшылары fashion саласындағы жасанды интеллектке қатысты жағдайды дамыту туралы өз көзқарастарымен бөлісті

Ақпаратты пайдаланған жағдайда міндетті түрде оның көзі ретінде – Central Asia Fashion Autumn-2025 халықаралық сән көрмесін; фотосуреттерді пайдаланған жағдайда – Central Asia Fashion баспасөз қызметін көрсету қажет. Материалдарға барлық айрықша құқықтар ұйымдастырушыларға – «CATEXPO» компаниясына тиесілі. CAF туралы www.fashionexpo.kz ресми сайтынан және жобаның әлеуметтік желілерінен толығырақ білуге болады.